№26 (10016)
2 сәуір,
сейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы

«zhalagash-zharshysy.kz» ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Мезгіл мәселесі

Тілсіз жауға тоқтам бола ма?

Қар еріп, көктем келді деп қуанғанымыз сол еді, еліміздің 11 өңірінде су тасып, 7 облыста төтенше жағдай жарияланды. Әсіресе Батыс пен орталықта, Қостанай, Ақмола, Абай облыстарында жағдай қиын. Үйі суған батқан халық амалсыз ауылын тастап, қауіпсіз аймаққа бас сауғалап қашса, төрт түлік тасқыннан аман қалмай, ағып кетіп жатыр. Зардап шеккендерге кім және қалай жәрдем беріп жатыр. Тарқатайық...

Аймақтарда ахуал мәз емес

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің бірқатар өңірінде болған су тасқыны салдарынан туындаған төтенше жағдайға байланысты шұғыл кеңес өткізді. Жиынға премьер-министрден бастап жоғарғы атқарушы билік өкілдері қатысты. Кеңесте мемлекет басшысы тасқынға қамданбаған жауаптылдарға қатаң сөгіс жариялады. Алайда мәселе сөгіс жариялаумен ғана шектелмей, салаға жүйелі өзгеріс енгізілсе игі.

Елдің әр өңіріндегі азаматтар әлі де шыбын жанын шүберекке түйіп отыр. Өйткені су басу қаупі сейілмей тұр. Тасқын 26 наурызда Батыс Қазақстан облысында басталды. Аймақта бүгінге дейін 460 үй мен 26 ғимарат су астында қалған. Аймақта апат басталғанына 6 күн. Қауіп әлі сейілмеді. Мұнда жолды су бұзып өткендіктен 17 елді-мекенмен көлік қатынасы үзілген. Өңірдегі 2 мыңнан астам адам қауіпсіз жерге көшірілген. Ал аймақтың Орал қаласы мен 4 ауданында төтенше жағдай жарияланған.

Тасқынмен апта бойы арпалысып жатқан тағы бір өңір – Ақтөбе. Мұнда 753 үй мен 10 әлеуметтік нысан суға кеткен. Одан бөлек, 187 аула мен 99 саяжай зақымданған. Облыс аумағындағы 20 елді-мекенге жол жоқ. Еріген қар суы салдарынан Ақтөбе әуежайы уақытша жабылды.

Ақтөбе облысында да 10 өзеннің тасуы салдарынан 5 аудан мен Ақтөбе қаласында төтенше жағдай жарияланған. Қазір әсіресе Ойыл ауданында жағдай қиын. Кеше Берсиев, Қоғалы ауылдарының тұрғындары көшірілген. Енді Ырғыз ауданындағы 4 ауылға қауіп төніп тұр. Су ортасында қалған аудандардан тұрғындарды тіқұшақпен қауіпсіз аймақтаруға көшіруде. Қызыл су қоғамдық көліктердің де ішіне толып кеткен.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ.

Аймақ жаңалықтары

Байқоңырдан ғарыш кемесі ұшты

Соңғы бір айда «Байқоңыр» ғарыш айлағынан екі ғарыштық ұшырылым жүзеге асырылды. Кеше сағат 14.36-да ғарыш айлағының №31 алаңынан №4 Жерді қашықтықтан зондтау «Ресурс-П» ғарыш кемесі бар «Союз-2.1б» зымыран тасымалдағышы ұшырылды.

Роскосмос телестудиясы мамандарының ұшыру алаңынан жүргізген тікелей эфирі 13 сағат 50 минутта басталып, ғарыш кемесі орбитаға шыққанға дейін жүргізілді. Ұшыру қалыпты режимде өтіп, зымыран тасымалдағыштың сатыларын бөлу белгіленген уақытта жүзеге асырылды және ұшырылғаннан кейін 10 минуттан соң ғарыш кемесі Жер орбитасына шығарылды.

Ресейлік Жерді қашықтықтан зондтау спутнигі планетамыздың табиғи ресурстарын зерттейді, қоршаған ортаның ластануын бақылайды, пайдалы қазбалардың кен орындарын іздейді, мұз жағдайын және төтенше жағдайларды бақылайды.

Пияз 3 есе арзандады

Қызылордада базар мен дүкендерде пияздың келісі 80 теңгеден басталады. Ал азық-түлікті тұрақтандыру қорының әлеуметтік сауда нүктелерінде 30 теңгеден сатылып жатыр. Себебі қазан айынан бері қоймада сақталған пияз күн күрт жылыған кезде бұзылып кетуі мүмкін.

Былтыр 120 тонна көкөніс жарамсыз болып, қоқысқа тасталды. Қазір тұрақтандыру қорында 400 тоннаға жуық пияз қалған.

– Аудандар өзінің жол көліктерінің шығынын есептегенде 45-50 теңгеге барып қалуы мүмкін. Ал қала бойынша барлық нүктесінде, сауда үйлерінде, базарларда 30 теңгеден өзімізге тиісті әлеуметтік магазиндер арқылы сатып жатырмыз. Күніне осы тұрақтандыру қорының өзінен 3 тоннаға дейін жуа шығады, – дейді тұрақтандыру қорының басқарма басшысы Мейрамбек Серікбай.

«ЖЖ» ақпарат

Бәрекелді!

Жалағаштықтар топ жарған жарыс

Алматыдан ақжолтай хабар! 21-23 наурыз аралығында өткен жеңіл атлетикадан ел біріншілігінде жалағаштық саңлақтар аймақ қоржынына 2 алтын, 1 күміс салды. Оларды салада 20 жылдан астам тәжірибесі бар білікті бапкер Жандос Қарақұлов дайындаған.

Иә, аудандағы №13 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінің оқушылары бұған дейін де талай тартысты бәсекелерде жүлделі орындардан көрінген болатын. Ондағы мамандардың аудан спортының алға басуына қажырлы еңбек етіп жатқанын осыдан-ақ аңғару қиын емес. Қазақстан чемпионатында аймақтың абыройын асқақтатқан іні-қарындастарымыз да осындағы білікті бапкерден тәжірибе шыңдаған.

Сезім Шығамбайдың жеңіл атлетикамен айналысқанына көп болмаған. Десе де оның спорттың бұл түрінде жеңісті күндері көп. Ол осыған дейін облыста доп лақтырудан алдына жан салмапты. Ал Алматыдағы жарыста ол найза лақтырудан сынға түскен. Бір қызығы, 13 жастағы қарындасымыздың бұл бәсекедегі қарсыластары өзінен 2 жас үлкен. Бірақ білікті бапкерден жиған тәжірибе мен өзінің спортқа деген ептілігі мұның бәрін елемеді. Дүбірлі додада жалағаштық Сезім Шығамбай 30,84 метрге найза лақтырып, аймақ қоржынына алтын салды. Мұнан кейінгі орындарға Шымкент қаласы мен Түркістан облысынан келген спортшылар жайғасқан.

Мына қызықты қараңыз, №201 мектеп-лицейінің оқушысы Нұрзат Ғалымұлының жеңіл атлетикамен айналысқанына 1 жыл да болмаған. Осы ретте Жәкеңнің де еңбегін ерекше атап өткеннің айыбы болмас. Себебі аз ғана уақытта қарапайым мектеп оқушысынан ел біріншілігінде топ жаратын спортшы қалыптастыру – кәнігі бапкердің ғана қолынан келетін іс. Нұрзат бұл додада 49,21 метрге найза лақтырып, аймақ қоржынындағы алтындар қатарын еселеді. Мұнан кейінгі орынға жайғасқан түркістандық саңлақ жерлесімізден 10 метр қалып қойған. Былтыр ол да ел біріншілігінде өзінен үлкендермен сынға түскен. Онда күміс алған жерлесіміз биыл қатарластарымен қайта сынға түсіп, күмісті алтынға алмастырды.

Аймақ қоржынындағы медалдарды еселеген саңлақтар қатарында Зейнолла Жарқынбаев атындағы №202 орта мектеп оқушысы Балнура Қалнияз да бар. Ол найза лақтыруда екінші орынға жайғасып, күміс медалға ие болды. Дәл осы жарыста көш бастаған спортшы қарындасымыздан небәрі 1 метр айырмашылықпен алға шығып отыр. Осы ретте жалағаштық жеңімпаз алдағы тартысты бәсекелерде алтын алады деп сенім білдірдік.

Мектеп түлегі биыл спорт саласы бойынша жоғары оқу орындарының бірінде білімін жетілдіріп, әлі де тәжірибе шыңдайтынын айтады. Оны бапкері Жандос Қарақұлов та қос қолдап қолдап отыр. Себебі шәкіртінен өзі сияқты білікті бапкер шығатынына сенеді.

Айта кетейік, негізінен жеңіл атлетикаға ел біріншілігіне Жәкең 5 шәкіртін қосқан. Оның үшеуі жеңіс тұғырынан көрініп отыр. Бұл додада одан бөлек Қармақшы ауданынан 12, Қызылорда қаласынан да бірнеше спортшы қатысқан болатын. Аймақ намысын қорғаған 30-дан астам спортшының ішінде жалағаштық саңлақтар ғана облыс қоржынына алтын салған. Мұнан бөлек қармақшылық 1 спортшы қола алса, қызылордалық 2 спортшы күміс медалға ие болған.

Жеңіл атлетика десе, жалағаштықтардың есіне бірінші Мақсат Қарақұлов ағамыздың есімі түседі. Иә, оның ауданда спорттың бұл түріне еңбегі сіңгенін ешкім жоққа шығара алмайды. Жәкең – сол Мақсат ағамыздың баласы. Көзі тірісінде атпал азамат ауыл-ауылды аралап, балаларды спортқа баулығаны бар-ды. Жәкең де дәл сондай, қазіргі таңда оның үйірмесінде Аққум, Таң, Ақсу ауылдарынан келіп жаттығатын балалар бар. Бар мақсаты – солардан байрақты бәсекелерде еліміздің абыройын асқақтатар спортшылар қалыптастыру.

Бүгінде аудандағы №13 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінің «Жеңіл атлетика» үйірмесінде 30-дан астам бала жаттығады. Қазір олардың әрқайсысының жетістігін сараласақ, өз алдына бір еңбекке жүк болары анық. Солардың ішінде Серік Расул қысқа қашықтыққа жүгіруден облыста соңғы 3 жылда алдына жан салмаған. Ел біріншіліктерінде де бірнеше рет ақтық мәреде өнер көрсеткен.

Білікті бапкер жеңіс тұғырынан көрінетін шәкірт тәрбиелеуде тек тәжірибе аздық ететінін айтады. Олар бірінші кезекте ата-ананың рұқсатын алады. Келіспеген жағдайда оның үлкен кедергі екенін де жоққа шығармады.

– Мықты балалар болады, бірақ олардың кейбірінің ата-анасы оның үйірмеге баруына рұқсат бере бермейді. Осының өзі біздің мықты спортшы қалыптастыруымызға үлкен кедергі болады. Сондықтан бірінші кезекте бізге ата-ананың келісімі маңызды. Жетістігі көп басқа да шәкірттерім бар. Алдағы уақытта олардың тәжірибесін әлі де шыңдауға жұмыс жасаймыз. Себебі бүгін жеңіс бар екен деп тоқмейілсуге тағы болмайды. Менің түсінігімде спортшы кез келген уақытта тыңғылықты дайындықта болуы керек. Себебі ешқандай жеңіс оңайлықпен келмейді, – дейді Жандос Қарақұлов.

Алматыдағы атой салған жалағаштық іні-қарындастарымызды алда үлкен жарыстар күтіп тұр. Қазір олар жазғы ел біріншілігіне қызу дайындық үстінде. Одан бөлек басқа да жарыстарға кімдер қатысады? Күнделікті дайындық барысында кәнігі бапкер осы сауалдың түйінін тарқатуда.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Аппарат

Олқылықтар орын алмауы тиіс

Ауданда 2022-2023 жылдары негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің барлығында оң динамика қалыптасқан. Атап айтсақ, өнеркәсіп өнімінің көлемі 56,8 млрд теңгені құрады. Оның ішінде 16,5 млрд теңгесі өңдеу өнеркәсібінің есебінен қалыптасқан. Ал екі жылда жалпы құны 29,3 млрд теңге негізгі капиталға инвестиция тартылған. Сондай-ақ бөлшек сауда 7,3 млрд теңгеге орындалып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі 60,8 млрд теңгені құрады. Екі жылда 40,4 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, ірі серпінді жобалардың іске асырылуының арқасында құрылыс жұмыстарының көлемі 12,5 млрд теңгені құрады. Бұл туралы аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде айтылды.

Құрылыс қарқыны баяу

Аудан әкімінің орынбасары Арнұр Әлібекұлы биыл 2 айда жоспарланған макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша жалпы өсім қалыптасқанын айтады. Сондай-ақ ол құрылыс жұмыстары бойынша меженің орындалмау қаупі барын да жасырмады.

– Өнеркәсіп өнімдерін өндіру өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 27,9 пайызға артып, 5 млрд 775 млн теңгенің өнімі өндірілді. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі шаруашылықтардың күріш ақтау және «Өркен Әлем» ЖШС-ның өндірген өнімі есебінен өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 5,4 есеге артып, 2 млрд 252 млн теңгенің өнімі өндірілді. Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 3,4 пайызға артып, 3 млрд 830 млн теңгені құрады, – деді ол.

Оның сөзінше, ауыл шаруашылығы саласында да меже артығымен орындалған. Мәселен, саладағы өнім көлемі 1 млрд 212 млн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 100,7 пайызға орындалған. Аудан әкімінің орынбасары ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі ет, сүт, жұмыртқа өндіру есебінен орындалғанын айтады. Тұрғын үй көлеміне келсек, 2 938 шаршы метрді құрайтын 17 жеке тұрғын үй пайдалануға берілген.

Бөлшек сауда көлемі 443,2 млн теңгені құрады. Өткен жылмен салыстырғанда 101,2 пайызға артқан. Негізінен бөлшек сауда көрсеткіші аудандағы 5 дәріхана, 7 сауда орталығы, 147 дүкен, 7 газ және жанармай құю бекеттері есебінен орындалады.

Ал құрылыс жұмыстарына келсек, ақпан айында көрсеткіш 38,2 пайызды құраған. Аудан әкімінің орынбасары меженің ойдағыдай орындалмауын ауданда құрылыс жұмыстарымен айналысатын ірі кәсіпорындардың болмауымен байланыстырды. Сөзіне сенсек, алдағы уақытта 1 417 шаршы метр тұрғын үй көлемі пайдалануға беріліп, көрсеткіш 107,9 пайызға орындалады.

282 кәсіпорын жұмысын тоқтатқан

Биыл 2 айда тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 90,7 пайызға төмендеген. Яғни 2 863 кәсіпорын болса, оның тек 2726-сы нақты жұмыс жасап тұр. Бұдан жаңадан тіркелген кәсіпкерлік субъектісінің 291-ге, жұмыс жасап тұрғандардың 282-ге азайғанын аңғардық.

– Ауданда өткен жылдың 3 айында тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 3 189-ды құрады. Оның ішінде 3061-і нақты жұмыс жасап тұр. Межені 100 пайызға орындау үшін 326 кәсіпкерлік субъектісі тіркелу керек, оның ішінде жұмыс жасап тұрғандар үлесін кем дегенде 335-ке жеткізу керек. Тиісті жауапты бөлім басшылары барлық көрсеткіштер бойынша есептіліктердің статистика органына 2 сәуірде толық тапсырылуын қамтамасыз етіп, нәтижесі сұралады, – деді аудан әкімінің орынбасары.

Арнұр Әлібекұлы 3 айда 7 макроэкономикалық көрсеткішке талдау жұмыстары жүргенін айтады. Өнеркәсіп өнімін 100 пайызға орындау үшін наурызда 1 млрд 430 млн теңгеге, оның ішінде өңдеу өнеркәсібіне 873 млн теңгеге есептілік тапсыру тиіс. Негізгі капиталға тартылған инвестицияға келсек, жалпы құны 2 млрд 366 млн теңге көлемінде есептілікті тапсыру керек.

Жыл қорытындысымен ауданның негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің оң тенденциясын қалыптастару мақсатында меже белгіленген. Атап айтқанда, өнеркәсіп өнімі 32 млрд, өңдеу өнеркәсібі 8 млрд, негізгі капиталға салынған инвестиция 20,4 млрд, өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдері 34,5 млрд теңге, тұрғын үй көлемі 20,5 мың шаршы метр, бөлшек сауда 4 млрд және құрылыс жұмыстарының көлемі 7 млрд теңгені құрауы тиіс. Жалпы ауданның дамуы рухани-мәдени, әлеуметтік саланың көрсеткіштерінен бөлек, тоқсан, жартыжылдық, жыл қорытындысымен осы 7 негізгі көрсеткішпен бағаланады. Сондықтан межеге қол жеткізу үшін іс-шаралар жоспарын бекіту қажет. Яғни қандай көздерден, қалай орындаймыз, орындау үшін қандай іс-қимылдар жасаймыз? Әлгі іс-шаралар жоспарында осы сауалдардың түйіні егжей-тегжейлі тарқатылса игі.

Ескеретін жайт, бұл мәселе жауапты бөлім басшыларына ғана тиесілі емес, яғни барлық кент, ауылдық округ әкімдері де жұмыс жасау керек. Егер облыстың көрсеткіші қала және аудандардың есебінен қалыптасса, аудан көрсеткіші кент, ауылдық округтермен тығыз байланысты. Сондықтан Арнұр Әлібекұлы «облыс аудандарға қандай меже қояды, біз де сол негізде кент және ауылдық округтерге нақты үлесін бөліп, меже белгіленуі керек деп есептеймін» деді.

Негізінен әрбір елді мекенде өнеркәсіпті дамыту маңызды. Өңдеу өнеркәсібі бағытында «кәсіппен айналысамын» деген азаматтарды сүйемелдеп, барынша қолдау көрсету керек. Бұлай болмаған жағдайда салаға серпін беруге бағытталған мемлекеттік бағдарламалардан еш пайда болмайды. Бір жағынан бұл жалпы көрсеткіштердің жоғарылауына оң әсер етеді. Яғни бұл салада серпін болса, инвестиция тартылады, жұмыссыздық деңгейі төмендейді, қосымша бюджетке түсетін резервтер артады. Бір сөзбен айтқанда, салықтық түсімдердің көлемінде өсім қалыптасады. Бұл бір жағынан жоғары тұрған бюджетке тәуелділіктен арылуға жол ашады. Сондай-ақ өз шығыстарымызды нақты жоспарлауға қол жеткіземіз.

Шаруашылықтар ротация сақтамаған

Аппарат мәжілісінде көктемгі дала жұмыстары да сараланды. Аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы былтыр аяқ судың шаруалар үшін үлкен мәселеге айналғанын айтады. Сондай-ақ ол былтыр маусымында межеден артық күріш егілгенін, ротация сақтауда бірқатар шаруашылық заңсыздыққа барғанын да жоққа шығармады. Биыл олармен күрес шаралары қарқын алмаса, бәсеңдемесі анық. Әзірге ауданға түсетін су көлемі белгісіз. Бірақ мамандар әлден биыл аяқ су мәселесі күрделенетінін айтады.

– Орын алуы мүмкін су тапшылығын ескере отырып, күріш дақылының көлемі өткен жылдан 1300 гектарға қысқартылды. Бірақ суды аз қажет ететін бидай 149 гектарға, қант құмайы 20 гектарға, мақсары 10 гектарға, жоңышқа дақылы 625 гектарға артты. Ауданда ақ егіс егу жұмыстары үстіміздегі жылдың 10 наурыздан басталды. Қазіргі таңда жоспарланған 530 гектар мақсарының 315 гектары, 4 850 гектар жаңа жоңышқаның 3 124 гектары, 770 гектар жаздық бидайдың 480 гектары орналастырылды. Мұнан бөлек 129 гектар күздік бидай күтімге алынды. Шаруашылықтар егін орналастыруға қажетті 4 625 тонна күріш, 154 тонна бидай, 0,6 тонна сұлы, 13 тонна мақсары, 8 тонна арпа, 4 тонна соя, 18 тонна жүгері, 48 тонна жоңышқа тұқымын дайындауда. 4 625 тонна күріштің бүгінде 4 100 тоннасы тазартылды. Сондай-ақ шаруашылықтар тарапынан егінді күтіп баптауға қажетті 10 400 тонна минералдық тыңайтқыш, 22 мың литр гербицид дайындау жоспарланып, бүгінде 7029 тонна минералдық тыңайтқыш және 1950 литр гербицид алынған, – деді бөлім басшысы.

Ардақ Әбдіғаппарұлы шаруашылықтарда биыл егін жұмыстарын бастауда ешқандай кедергі болмау қажеттігін қаперге салды. Сондай-ақ ол аяқ су мәселесі қат болған тұста жерді мақсатсыз пайдалану, артық күріш егу, ротация сақтамау сынды заңсыздықтарға мүлде жол бермеу қажеттігін атап өтті. Десе де бытыр мұндай олқылықтар орын алған.

– Өзіміз аяқ су мәселесімен бетпе-бет келеміз, ал соны көре тұра кейбір шаруашылықтар ротация сақтамай, межеден тыс күріш егіп, артық табыс тапқысы келеді. Сонда бұл жерде кім ақымақ? Бұған заң аясында тосқауыл болмаса, басқа да шаруашылықтардың ойы бұзылуы әбден мүмкін. Сондықтан алдағы маусымда бұл мәселеге жол бермеуіміз керек, – деді аудан әкімі.

Шаруашылықтар тарапынан көктемгі егін орналастыру жұмыстарына «ГосАгро» порталы арқылы 1685 тонна жеңілдетілген дизель жанармайына өтінім берілген. Бұл жанармай аудандағы 54 шаруашылыққа тиесілі. Алтынбек Дәрібаев қазіргі таңда 12 шаруашылық 245 тонна дизель жанармайын алып, егін орналастыру жұмыстарына кіріскенін айтады. Шаруашылықтарға жанармайдың 1 литрі 248 теңгеден жеткізілуде.

Биыл егін орналастыру жұмыстарына 6,5 млрд теңге жұмсалады. Бөлім басшысы осындай болжам жасап отыр. Қазіргі таңда шаруашылықтарда бұл қаржының 63,4 пайызы бар.

Аяқ су биыл да қат болады

2024 жылдың су алу маусымы кезеңінде су тапшылығын болдырмау үшін аудан бойынша алқаптарды сумен қамтамасыз етуде іс-шаралар жоспары әзірленген. Онда инженерлік жүйедегі егістік жерлерде дақылдарды кезектестіруді қатаң сақтау көзделген. Сондай-ақ ауыспалы егіс биік жерлерге күріш егуге жол берілмейді. Ішкі шаруашылық су жолдарын механикалық тазалау және су құрылыс нысандарын уақытылы жөндеу керек. Егіс алқаптарында су тапшылығы орын алған жағдайда пайдаланатын насос қондырғыларын дайындау қажет. Бұл жайында жергілікті шаруашылықтарға алдын ала ескертілген. Алтынбек Дәрібаев биыл егінді күтіп-баптауда 32 су тартқыш насос пайдаланылатынын айтады. Оның ішінде 13 насос «Казсушар» өндірістік учаскесіне тиесілі, қалғаны шаруашылықтардың өз қаржысына алынған.

Қарыз қашан қайтады?

Былтыр аудандағы 172 шаруашылық «Жалағашсушар» өндірістік учаскесімен 474,9 млн теңгеге су жеткізіп беру бойынша келісім-шартқа отырған. Бүгінде 429,5 млн теңге төленген. Шаруашылықтардың әлі де берешек қарыздары 45,4 млн теңгені құрайды. Қазіргі таңда сот арқылы өндіру жұмыстары жүруде.

Пайдаланған судың қарызын өтеуге келгенде шаруашылық иелері неге құлықсыз? Бұл шындығын айтқанда, жыл сайын қайталанып келе жатыр. Мына қызықты қараңыз, аудандағы 2 шаруашылықтың қарызы әлгі берешек 45,4 млн теңгенің 70 пайызын құрайды екен. Екеуі де Аққұм ауылына тиесілі. Оның бірі «Аққұм-Жер» шаруа қожалығы болса, келесісі – «Бақдәулет» ШҚ. Тиісті жұмыстардың арқасында «Аққұм-Жер берешегінің біршама бөлігін өтеген. Ал «Бақдәулет» ШҚ қарызының әлі 1 тиыны да төленбеген. Осы ретте аудан әкімі қарыздарын өтеу бойынша тиісті жұмыстарды жүргізуді ауыл әкімдері мен бөлім басшысына қатаң тапсырды.

– Су тіршілік көзі дейміз, бірақ соны шын сезінбейміз. Бұған жоғарыдағы мәліметтер дәлел. Су болмаса, күрішіміз өсіп, кәсібіміз алға баспас еді. Келісім-шартқа отыруға шаруашылықтар барады. Бірақ оның берешегін өтеуде неге қайта қадам жасауға құлықсыз? Сұрақ көп, жауап жоқ. Мұндай шаруашылықтармен жұмыс жасауымыз керек. Қажет болған жағдайда қарызын өтемей маусымда су бермеңіздер. Өзіміз жыл сайын мәселе күрделеніп, сол суға әрең жетеміз. Ал оны пайдаланарда осындай олқылықтарға жол береміз. Пайдаланған судың ақысын өтемейміз, ротация сақтамай, суды көп қажет ететін күріш дақылын межеден артық егеміз. Шындығын айтқанда, қалыптасқан мәселені күрделендіріп отырған да өзіміз. Сондықтан алдағы уақытта осындай олқылықтарға жол бермеңіздер. Қарыздар өтелсін, межеден артық егін орналастырылмасын. Осы жағын қатаң бақылауға алуды тапсырамын, – деді Ардақ Әбдіғаппарұлы.

Мәжілістің күн тәртібінде соңғы мәселе құрылыс саласына арналды. Атқарылып жатқан жұмыстарды кеңінен тарқатқан бөлім басшысы Ғалымжан Қайназаров биыл да жыл аяғына дейін ауданда құрылыс қарқын алатынын жеткізді.

Бөлім басшысы биыл алғашқы тоқсанда 3 нысанның құрылыс жұмыстарын жүргізу жоспарланғанын айтады. Қазіргі таңда 2 нысанның құрылыс-монтаждау жұмыстары басталған. Олардың қатарында Есет батыр елді мекенінің тұрғын үй секторларының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салу жұмыстары бар. Яғни ауылдағы электр желілерін жаңғыртуға 338,8 млн теңге қаралған. Мердігер мекеме «Сәт Сервис» ЖШС қазіргі таңда құрылыс жұмыстарын бастап кетті. Сондай-ақ Темірбек Жүргенов елді мекенінің электр желілерін жаңғыртуға 435,1 млн теңге қаралған. Мердігер мекеме – «Энергомера» ЖШС. Бөлім басшысы осы екі жобаның құрылысы басталғанын айтады. Ал Мақпалкөл ауылдық округінің әкімі Бауыржан Тұңғышбаев ауылға әлі мердігер мекеменің ат ізін салмағанын айтады.

– Үшінші нысан бойынша келісім-шарт мемлекеттік сатып алу порталынан түзетулер енгізілуде. Ол – Мырзабай ахун елді мекенінің тұрғын үй секторларының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салу жұмыстары. Яғни ауылдың электр желілерін жаңғыртуға 148,4 млн теңге қаралған. Мердігер мекеме – «Нұрай Ақжол РГ» ЖШС. Құрылыс монтаждау жұмыстарының мерзімі – 6 ай. Яғни барлығы да қыркүйек айында толық пайдалануға беріледі, – деді Ғалымжан Қайназаров.

Естеріңізде болса, аудандағы оқушылар үйі мен өнер мектебінің жобасы сақалды құрылысқа айналған. Нысан пайдалануға берілетін мерзімінен бірнеше жылдан кейін есігін ашқан. Ауданда сонымен қатар салынған тағы бір нысан бар-тын. Яғни кенттегі дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылыс жұмыстары да осыдан 3 жыл бұрын басталған. Содан бері әлгі нысан әлі күнге дейін пайдалануға берілмеді. Осы тұста бөлім басшысы жақсы жаңалығымен бөлісті. Яғни спортсүйер қауым асыға күткен ғимарат осы айда ел игілігіне беріледі.

Азаматтарды баспанамен қамтамасыз етіп, әлеуметтік экономикалық жағдайын жақсарту үшін былтыр Ұлттық қордан 538,5 млн теңге бөлінген. Оған ауданнан 51 тұрғын үй сатып алынып, кент әкімі аппаратының теңгеріміне өткен. Биыл Ұлттық қордан тағы 5 тұрғын үй сатып алуға 63,5 млн теңге қаралды. Қазіргі таңда жер телімін орналастыру бойынша жұмыстар жүруде.

Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы арқылы қаңтар, ақпан, наурыз айларында конкурстар жарияланған. Олардың қатарында ауданнан емдеу мекемелерінің жаңадан кәріз жүйесі құрылысы бар. Жобаның жалпы құны – 1 млрд 290 млн теңге. Мұнан бөлек «Ақтерек» учаскесіндегі 170 гектарға тұрғын үй секторының инженерлік инфрақұрылым құрылысы да бар. Жоба құны – 1 млрд 72 млн. теңге. Алдағы уақытта мердігер мекемелер анықталса, мұнан бөлек Есет батырда ауыз су жүйесін жаңғырту және кеңейту, жалпы ауылды дамыту және құрылысын салу схемасына түзету енгізу, Аққырда «Аққыр» каналын қазу, Мәдениет, Бұқарбай батыр елді мекендерін дамыту және құрылысын салу схемасына түзету енгізу, кенттің бас жоспарына түзету енгізу жұмыстары жүргізіледі.

Бөлім басшысы тиісті сала басшыларымен бірге кенттің келбетіне кері әсерін тигізіп тұрған жеке меншік және кәсіпкерлік нысандарды қалыпқа келтіру мақсатында бірқатар шаралар қолға алынғанын және олар әлден нәтижесін беріп жатқанын айтады. Яғни аудан орталығындағы кәсіпкерлік нысандардың сәулеттік келбетін жақсарту мақсатында, меншік иелеріне бөлім тарапынан әзірленген эскиздер ұсынылған. Мұнан бөлек ретсіз жатқан құрылыс материалдарын алып тастау барысында 30 меншік иесіне ескерту беріліп, ішкі істер бөлімі қызмекторлері арқылы 5 меншік иесіне айыппұл салынған. Бұл жұмыстар әлі де жалғасады. Ғалымжан Қайназаров әлден меншік иелері оларды реттеуге ниет білдіріп жатқанын айтады.

Мәжіліс соңында аудан әкімі мәселелердің шешіміне жұмыс жасап, олқылықтардың орын алуына жол бермеу қажеттігін қатаң ескертті. Сондай-ақ бұған дейінгі жиындардай тапсырмалардың орындалуы бөлек қаралатынын да қаперге салды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Тілсіз жауға тоқтам бола ма?

Абай облысында да тасқынның беті қайтпай тұр. Облыста бірнеше жолды су шайып, 4 адам жоғалып кеткен. Олардың 3-еуі өзеннен трактормен өтіп бара жатқанда суға батқан. Ал 1-еуі 2001 жылы туған ер адам болжам бойынша Үржар ауданындағы Ай өзеніне ағып кеткен. Құтқарушылар жоғалғандарды әлі іздестіру үстінде. Аягөз ауданы, Бозай ауылына апаратын көпірді су ағызып, елді-мекенмен байланыс үзілген. Ақсуат ауданындағы Кіндікті ауылымен байланыстыратын көпірде бұзылған. Қазір аталған екі ауылға азық-түлік, қажетті заттар мен дәрі-дәрмекті тікұшақ және қайықпен жеткізіп жатыр.

Аралбай мен Көкалаттың аржағындағы Көлқамыс ауылында 28 үйді су басқан. Тұрғындары қауіпсіз жерге көшірілген. Енді Көкалат пен Аралбайда қауіпті аймақта тұр. Ағыс күшейгенше арғы беттен өтіп үлгергендер мал шығыны көп болып жатқанын айтады. Мәселен, Көкалат ауылындағы бір тұрғынның 400 бас қойы суға кеткен.

184 600 теңге біржолғы көмек көрсетіледі

Қостанай облысындағы Аманкелді, Жанкелді аудандарындағы бірнеше ауыл тасқын құрсауында. Мұнан бөлек, Жаркөл ауылына да су кірді деген ақпарат тарап жатыр. Жарық сөніп, байланыс үзілген. Көпшілік жолын бөгеуге тырысқанмен тасқынды ауыздықтау мүмкін болмай тұр. Жергілікті тұрғындарға төтенше жағдай қызметкерлері, әскери қызметкер көмек көрсетуде. Гуманитарлық көмекте тоқтаусыз келіп жатыр. Алайда судың қарқыны бет қаратар емес. Ал Арқалықта бірнеше үй мен Қызылжұлдыз елді-мекендері су астында қалды. Халық қауіпсіз аймаққа көшірілген. Облыс әкімі Құмар Ақсақалов өңірді аралап, көмек берілетінін айтты. Зардап шеккендерге 100-ге жуық ерікті жұмылдырыған. Оның айтуынша қазірдің өзінде әр адамға 100 мың теңгеден төлене бастаған.

– Бізге Қарағанды, Қызылорда қалаларынан көмек келді. 438 техника жұмыс істейді, оның ішінде 156 мотопомпа, 20 жүзу құралы мен 4 әуе кемесі бар, – дейді Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов. Ал осы өңірдің қаржы басқарма басшысының орынбасары Мәулен Сұңқаровтың айтуынша тасқыннан зардап шеккен халыққа бір жолғы көмек ретінде 184 600 теңге беріледі. Ол үшін әкімдікке келтірілген зиянды растайтын арнайы құжаттар өткізу қажет.

«Әке, Ханторыны құтқар!»

Ұлытау, Абай, Шығыс Қазақстан облыстарында да ахуал әлі күрделі. Көкшетаудағы қылшақты өзені де арнасынан асып, қала көшелері бір ақ күнде көлге айналған. Теріскейде 87 ауылға қауіп бар. Осыған байланысты Үкімет басшысы Олжас Бектенов өңірге барып Петропавл және Сергеев су торабының жағдайын тексеріп, зардап шеккен адамдардың ешқайсысы үкімет назарынан тыс қалмайтынын айтты. Алайда апат салдарынан қырылып қалған малдың есебін жасау оңайға соқпасы анық. Өйткені төрт түліктің көбі тіркелмеген. Суға ағып кеткен жылқылар арасында бәйге аттары да бар. Әлеуметтік желіде көпшіліктің көзіне жас үйірген бейнежазбада кішкентай батыр әкесіне «Әке, Ханторыны құтқар!» деп аудиохабарлама жіберген. Алайда, өкінішке орай Ханторыны алапат апаттың апанынан ешкім құтқара алмады.

13 мың адам құтқарылды

Тасқын су әлекке салған аймақтарда құтқару жұмыстарымен 7 мың адам, 2 мың техника мен тікұшақтар жұмылдырылған. Нәтижесінде 13 мыңдай адам қауіпсіз аймаққа көшірілген. Олар уақытша орналастыру пункттеріне жеткізілді. Эвакуациялық орталықтардағы адамдарға еріктілер жанжақтан жүк көліктерімен көмек жіберіп жатыр.

Төтенше жағдайлар министрлігі мәліметінше, бүгінге дейін 4,2 млн текше метр еріген қар суы сорылған. 300 мыңнан астам қапшықпен 45 мың тонна инертті материал төселген. Кейбір сарапшылар биылғы тасқынның негізі ретінде жауынның көптігін атады. Биыл қар тазалауға және тасқынға қарсы шараларға 7 млрд теңгеден астам қаражат бөлінген. Алайда ол қаржы халықты қып-қызыл шығынға батырып, қызыл сумен бірге ағып кетуде.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Жарнамаға салғырт қарамаңыз

Аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі, кент әкімі аппараты және аудандық кірістер басқармасы мамандарымен тіркелмеген жарнама объектілерін анықтау бойынша түгендеу жұмыстары жүргізілді.

Нәтижесінде 15 жарнама объектісінің меншік иесіне Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы «Жарнама туралы» және Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы №202-V ҚРЗ «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Заңына сәйкес орналастырылған жарнамаларға рұқсат алуы қажет екені түсіндірілді.

Бұл ретте, аталған меншік иелері ауданымыздың құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөліміне хабарлама жолдауы қажет. Сонымен қатар кенті әкімінің аппараты арқылы орналастырылған жарнамаға төлемақы төлеу жөнінде келісім-шарт жасалуы тиіс екендігі ескертілді.

«ЖЖ» ақпарат

Мәселе

Солтүстікте халық саны азайған

Солтүстіктегі халық саны азайып барады. Өңірдегі миграция осы қарқынмен жалғаса берсе 1 млн тұрғын жан-жаққа тарап кетуі мүмкін. Өздеріңіз білетіндей, 2017 жылы оңтүстіктен солтүстікке ерікті түрде қоныс аудару бағдарламасы іске қосылған болатын. Алайда бағдарламаның жүйелі жұмысы жемісті болмай тұр. Мұны Үкімет сағатында Парламент сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев та растады.



Осыдан 7 жыл бұрын қолға алынған мемлекеттік бағдарламаның жұмысы соңғы уақытта бәсендеген. Оған оңтүстіктен солтүстікке көшіп жатқан отбасылар саны дәлел. Солтүстік Қазақстан облысында соңғы 10 жылда халық саны 45 800 адамға азайған. Оның ішінде ауыл халқының саны 63 800 адамға қысқарды. Ұлттық статистика бюросының 2024 жылғы дерегіне сүйенсек, Солтүстік Қазақстан облысында 530 124 адам тіркелген. Алайда халық саны мұнымен тұрақтамай, азайғанын да еске салайық. Яғни Солтүстік қазақстан облысында халық саны бүгінде бірден 22,43 пайызға төмендеген. Сондай-ақ Павлодар облысында халық саны 753 957 болса, қоныс аударғандар саны 5,76 пайызды құрап отыр. Ал Қостанай облысында тіркелген халық саны 830 мың болса, 8,3 пайызға халық саны азайған.

Айта кетейік, халық саны ең көп тіркелген – Түркістан облысы. Онда 2 142 005 астам халық болса, Жамбыл облысында 1 222 597 қазақстандық тіркелген, Шымкент қаласында 1 222 005 адам. Ал Алматы облысында 1 531 044 халық бар.

Статистикаға сүйенсек, 2022 жылы Шымкенттен теріскейге 193 отбасы көшкен. Ал өткен жылы бұл көрсеткіш 50 пайызға кеміген. Аталған көрсеткіштің көңіл көншітпей кері кетуіне сан түрлі себеп бар. Ең бастысы – баспана мәселесі. Себебі былтырдан бастап солтүстікке келген отбасылар үшін мемлекет тарапынан баспана алу тоқтатылған. Одан бөлек, халық мемлекет тарапынан берілетін қаржыны алу жағынан да қиындықтарға тап болған. Салдарынан бұған шыдамаған 600-дей отбасы келген жеріне қайта қоныс аударған. Солтүстік Қазақстандағы халық санының үштен бірі – жастар. Орташа жас деңгейі – 32. Ал өмір сүру ұзақтығы 74-ке жеткен.

Еңбек және халықты әлеуметтік қолдау министрі өкілдерінің айтуынша, өткен жылдың қорытындысы бойынша халқы аз өңірлерге 8 903 адам қоныстанған. Қоныс аударушылар саны 6 492 болса, қандастың саны – 2 332. Үкімет сағатында Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев осы мәселені көтеріп, «Оңтүстіктен солтүстікке ерікті түрде қоныс аудару бағдарламасы күтілген нәтижені бермегенін мойындауымыз қажет. Осы орайда қазір Сенатта қаралып жатқан көші-қон туралы жаңа заң еңбек ресурстарының мобильділігін арттыру үшін жаңа ынталандыру шараларын қарастырады деп сенеміз» – деді.

Сонымен қатар Сенат спикері өңірлердегі әлеуметтік-демографиялық және экономикалық теңгерімсіздік мәселелеріне, жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге, білім деңгейін, жастардың еңбек өнімділігі мен табысын арттыруға және жас отбасыларды қолдауға ерекше назар аударды. Мәулен Әшімбаев елдің орнықты экономикалық дамуы халықтың санымен, азаматтардың тұрмыс деңгейімен және еңбек ресурстарының қолжетімділігімен тікелей байланысты екенін тілге тиек етті.

– Еліміздің демографиялық дамуына байланысты мәселелер бойынша тиімді ведомствоаралық іс-қимылды арттыру қажет. Жалпы, елдің теңгерімді демографиялық дамуы бәсекеге қабілеттілік факторларының бірі екені анық. Әділетті Қазақстан құру, ең алдымен, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға арналған. Бұл – ең алдымен, адамның мүдделері мен қажеттіліктеріне басымдық беру, халықтың әл-ауқатын жақсарту деген сөз. Еліміздің демографиялық саясатының басты мақсаты да осы, – деді Мәулен Әшімбаев.

Айта кетейік, ішкі миграциялық бағдарламаларға ел қазынасынан 20 млрд-тан астам қаржы бөлінген. Бірақ солтүстік қазақстанға көшкен 2960 отбасының 250-і туған жеріне оралған.

Мұндағы тұрғынның басым көпшілігі жұмысқа қабілетті жастар. Халықты өңірде ұстап қалу үшін жауаптылар халықтың ең қарапайым қажеттіліктерін өтеуден бастау қажет. Мәселен, 6 ай қыс болатын солтүстікте бүгіндікте көгілдір отын жоқ. Қазіргі ауылдарда тұрғындарды тұрақтап қалдыру – стратегиялық мақсат. Сондықтан ішкі көші-қон саясаты қайта қаралмақ. Алдағы уақытта халқы аз аймақтарда ауыл шаруашылығымен айналысам деген тұрғындарға аукционсыз жер беруде жоспарлануда.

Аудандық «Мансап» орталығының мәліметінше осы бағдарлама аясында ауданнан 2020 жылы бір отбасы солтүстікке қоныс аударған. Алайда олар тұрақты жұмыстың жоқтығына байланысты туған жерге қайта қоныс аударып, тұрақтаған екен. Орталықтағы мамандар биыл бір отбасы осы бағдарлама бойынша қоныс аударуға ниетті екенін айтады. Әйтсе де халық игілігі үшін 7 жылдан бері жүзеге асып келе жатқан жобаның әлі де жетілдірер тұсы көп. Барлық мәселе заң жүзінде шешіліп, қоныс аударған халыққа көмек көрсетілмесе, барған халық қайта туған жеріне табан тірей беретіні анық.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Сенбілік

Тазалық бәрінен маңызды

Өткен сенбіде аудан бойынша жаппай сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды. Сенбілік барысында аудандағы барлық мекеме ұжымы бөлінген аумақтарды, көшелерді, жол жиегіндегі арықтарды күл-қоқыстан арылтып, тазалық жұмыстарының қарқын алуына үлесін қосты.

«Тазалық иманнан» деп білетін қазақ ежелден Жер-Ананы қадірлеп, қастерлей білген. Қоқысты адам аяғы баспайтын алысқа тастап, «бір тал кессең, он тал ек» деп ұрандатқан да біздің ата-бабаларымыз. Тазалыққа тек мемлекет тарапынан ғана көңіл бөлінеді дей алмаймыз, жергілікті тұрғындар да тазалыққа тастай талап керек екенін түсініп, қоршаған ортаның көгалдануына, көркеюіне атсалысып, дағдыланып келеді.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов бөлінген аумақтар бойынша жергілікті жерге бейімделген көшеттерді барынша көп егу қажеттігін айтты.

Сондай-ақ егілген талдарды күтіп баптау, арықтарға су келтіру, арнайы қоршаулар орнату жұмыстарын ұйымдастыруды тапсырды. Сенбілікте жабайы шөптер шабылып, құраған талдар кесілді. Аяқ су жүретін арықтар қоқыс пен жапырақтардан тазартылды.

Жиналған қоқыстарды шығаруға кент бойынша жауапты мердігердің, ауылдық округтер бойынша шаруа қожалықтардың техникалары жұмылдырылды. 13,5 тоннаға жуық күл-қоқыстар белгіленген орындарға шығарылды. Кент пен ауылдық округтердегі талдар мен бордюрларды әктеу, парктер мен аллеяларды тазалау жұмыстары жүргізілді.

Жаппай сенбілік жұмыстарына аудан бойынша 142 мекемеден 1450-ге жуық адам қатысып, 12 дана техника жұмылдырылды.

– Қазір тазалықты сақтауда бәріміз бір кісідей араласып жатқанымыз рас. Бірақ өкініштісі, сол еңбекпен жиналған көшелерден бос, иесіз жүрген жануарларды көреміз. Оларды жайылымға қараусыз жібереді. Иә, төрт түлікті асырау қанымызға сіңген шаруашылықтың түрі екені белгілі. Алайда иесіне тапсырып, жайылымдарға тура баруын қадағалау қажет. Себебі жануарларды бос жіберу кент тазалығына немқұрайлық таныту болып табылады. Жануарлар қараусыз жүргеннен кейін аллеяларда, парктерде, тіпті орталық алаңға да кіріп, тазаланған орындарды бүлдіріп кетеді. Халық болып тазартқан ауламыз қайта бүлініп, шашылып қалмаса екен деймін. Әр адам тазалықты сақтауды, аудан жағдайын жақсартуды өз міндеті, парызы етіп алу қажет. Сонда ғана мұндай жағдайларға жол бермейміз, – дейді кент тұрғыны Мәншүк Нұрмаханова.

Жалпы халық үшін көтерілген бастамаларды жүзеге асыруда жалағаштықтар бүгінгідей жұмыла іс қылудан танбаса, ауданның көркейіп-көгалдануына әрбіріміздің қосқан үлесіміз болар еді. Сонда күн санап көркейіп келе жатқан кентіміз де аз ғана уақыттың ішінде шырайланып шығар еді. Ал көшеде иесіз тентіреп жүрген жануарлар әлі де болса шешілмеген мәселелердің қатарында болып тұр...

Алтынай МҰРАТ,
Қорқыт ата атындағы ҚУ-дың
3 курс студенті

Брифинг

Туберкулез:
20 жаңа жағдай тіркелген

Ауданда былтыр туберкулездің 20 жаңа жағдайы тіркелген. 100 мың халыққа шаққанда аурушаңдық көрсеткіші – 55,6. Оның ішінде туберкулездің 2 асқынған жағдайы Жалағаш кенті мен Аққұм елді мекенінен тіркелген. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 4 жағдайға өскен. Тіркелген туберкулез ауруының 10 жағдайы, яғни 50 пайызы 18-44 жас аралығындағы еңбекке жарамды жастағы тұрғындар болса, қалғаны жұмыссыздар мен зейнеткерлер үлесінде. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау, қызметті жоспарлау және талдау бөлімінің бас маманы Светлана Жүнісахметова осылай деді.



Спикердің сөзінше, биыл I тоқсанда туберкулез ауруының 5 жағдайы тіркелген. Оның ішінде 4-еуі жаңа жағдай болса, 1-еуі туберкулезбен қайта ауырған. Осы көрсеткішті 2023 жылдың осы мерзімімен салыстырсақ, 5 жағдайға өскенін байқауға болады. Биыл тіркелген кеселдің 4 жағдайы Жалағаш кентінен, 1-еуі Мақпалкөл елді мекенінен. Науқастар оқушылар, зейнеткерлер, жұмыссыздар арасынан анықталып отыр.

– Туберкулез өкпе және лимфа түйіндерде ерекше қабыну өзгерістерінің пайда болуымен сипатталады. Бұл тек өкпе ауруы ғана емес, сонымен қатар адамның барлық ағзаларының, яғни сүйектердің, бүйректердің, мидың және ми қабықтарының, терінің, көздің және басқа да ағзалардың зақымдануынан пайда болады. Алайда өкпе туберкулезі жиі кездеседі. Жұқтырудың негізгі көзі – туберкулездің ашық түрімен ауыратын, яғни сыртқы ортаға микобактерияны бөлетін адам, – деді С.Елтайқызы.

Маманның сөзіне сенсек, бұл дерт адамға ауамен таралады. Жөтелгенде, түшкіргенде өкпе туберкулезі бар адамдар ауаға туберкулез бактерияларын жаяды. Жұқтыру үшін адамға осындай бактериялардың аз ғана мөлшері жеткілікті екен.

– Туберкулез қоздырғышының сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталу қабілеті бар. Мысалы, микобактериялар тозаңданған, көгерген үй-жайларда адамдар үшін қауіпті, сондай-ақ олар жылдар бойы өмір сүруге қабілетті. Науқас адам жөтелгенде қақырықпен бірге түшкіру, сөйлегенде қоршаған ортаға 2-6 м радиуста ауада таралатын миллиондаған микобактерияларды бөледі, олар еденге, заттарға шаңмен бірге тұнады және көптеген жылдар бойы өміршең болып қалуы мүмкін. Туберкулез ауруына тек адамдар ғана емес, сонымен қатар мал да шалдығады. Ауру жануардың сүті, еті адам үшін жұқтыру көзі болуы мүмкін. Егер өкпе туберкулезімен ауыратын науқас барлық гигиеналық талаптарды сақтаса, ол айналадағыларға қауіпсіз. Өкпе туберкулезі тұқым қуаламайды, – деді спикер.

Ол туберкулез ауруымен ауыратын ата-аналардың балалары сау болып туатынын айтады. Алайда сақтық шараларын сақтамаған жағдайда бала туберкулезді жұқтырып, ауырып қалуы мүмкін екен. Туберкулез микобактериялары адам ағзасына түскен кезде ауру жұғады, бірақ оның дамуы әр жағдайда болмайды. Өкпе туберкулезінің ауруы иммунитет төмендеген, жеткіліксіз тамақтану, қанағаттанарлықсыз санитариялық-гигиеналық жағдайларда орын алады. Негізінен иммунитеті нашар балалар, жыныстық жетілу кезеңіндегі жасөспірімдер және иммунитеті төмен қарт адамдар ауырады.

Бұл дерттің пайда болуына не әсер етеді? Журналистердің бұл сауалына сала маманының жауабы бар. Яғни толыққанды тамақтанбаудан, осы дертпен ауыратындармен тығыз, ұзақ қарым-қатынас жасаудан, маскүнемдік, нашақорлық, шылым шегу, ілеспе аурулардың болуынан аталған кесел пайда болады екен. Белгілеріне келсек, екі аптадан астам жөтелу, шаршау және әлсіздік, дене салмағының төмендеуі, температураның ұзақ көтерілуі, түнде тершеңдік, кеуде қуысындағы ауырсыну, қан түкіру дерттің негізгі белгілері болып табылады.

Туберкулезді қалай анықтауға болады? Ең алдымен тері туберкулин сынамасы адамның жұқтырғанын көрсетеді. Рентгенологиялық тексеру өкпенің зақымданғанын айқындайды. Қақырықты зерттеу жөтел кезінде бөлінетін микробтардың бар-жоғын анықтайды. Ал бұл дерттің қайтсек алдын аламыз? Бұл сауалымызды да сала маманы жауапсыз қалдырмады.

– Салауатты өмір салтын ұстану керек. Бұл мақсатқа жетудің ең жақсы жолы – күн тәртібін құру және ағзаны шынықтыру. Таза ауада серуендеу, күн және су процедуралары, дене шынықтырумен айналысу, демалыспен еңбек жүктемесінің дұрыс үйлесімі, толық дәрумендерге бай тамақтану, жеткілікті және уақытылы ұйқы, яғни дұрыс гигеналық тәртіп адам ағзасының нығаюына ықпал етеді және оны туберкулез ауруынан қорғайды. Жыл мезгіліне қарамастан таза ауада мүмкіндігінше көбірек болу қажет, өйткені таза ауа ағзаға жақсы әсер етеді және шынығудың тамаша жолы болып табылады. Жеке гигиена ережелерін сақтау керек. Жуу құралдарын және ағынды суды пайдалана отырып, қолды, ыдыстарды жуып, тұрғын үй-жайларды ылғалды жинау және желдету, ет пен сүтті міндетті термалық өңдеу, жеке гигиеналық құралдармен ыдыстарды пайдалану, су процедуралары, яғни сүртіну, құю бәрі-бәрі маңызды. Жөтел этикетін де сақтаған жөн. Гигиеналық тәртіптің маңызды бөлімі дұрыс тамақтану болып табылады. Адам тәбетінің жоғарылауына ықпал ететін және ағза жақсы сіңіретін түрлі тағамдарды жеу керек. Тағам құрамына ақуыздар, майлар мен көмірсулардан басқа міндетті түрде витаминдермен минералды тұздар кіруі тиіс. Ақуыздар, ет, сүт, сүзбе, жұмыртқа да болады. Көмірсулар, қант, нан, картоп, жарма да болғаны дұрыс. Витаминдер мен минералды тұздар негізінен жаңа піскен көкіністермен жемістерде болады. Туған кезде БЦЖ-мен міндетті түрде вакцинациялау және 6-7 жаста қайта вакцинациялау, туберкулезді дер кезінде диагностикалау да маңызды, – дейді сала маманы.

Нұрайым МЫРҚИЕВА,
Қорқыт ата атындағы ҚУ-дың 3 курс студенті

Тарих

Екінші дүниежүзілік соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін Кеңес үкіметі соғыстың ащы сабақтарын қайталамау мақсатында батыстағы Балтық жағалауындағы шағын республикалардың орман арасындағы сүйем жерін қалдырмай, Кеңестің қуатты, айбынды қаруларын шоғырландырып, батыстың елуінші жылдарында Кеңес одағына қарсы бағытталған «қырғи қабақ соғыс» доктринасына қарсы тұруда заманауи техникалармен жабдықталған ракеталық базаларын орната бастады.

Литвада шырқалған Шәмшінің әні

Ол кез Кеңес одағының Қарулы Күштеріне 1958 жылдың 18 қараша күні стратегиялық мақсаттағы ракеталық әскерлердің құрылған күні болатын. Батыс елдерін тәубесіне келтірген қарулардың негізгі күштері Литва республикасының Каунас-Клайпеда тас жолы бойындағы орман арасында әскери базаларда көптеп орналасқан еді. Сол жылы қараша айының басында оңтүстік облыстардан әскерге шақырылған жігіттердің ішінде отызыншы командаға 60 жігіт Мәскеу әскери гарнизонында қайта жасақталып, 18 қараша күні Каунас қаласынан отыз шақырым жердегі Клайпеда тасжолының бойындағы әскери жабық қалашық Кармеловаға келіп түстік. Осы жерде менің стратегиялық мақсаттағы ракета әскері құрамында әскери қызметім басталды.

1964 жылы 9 мамырда Ұлы Жеңіс күні мерекесі өткеннен кейін «ядролық денені» күтіп баптайтын біздің бөлім, қаруды ататын кешенді гарнизон мемлекеттік аспанға көтеретін және сынақтан қаруды өткізу мақсатында пойызға тиеліп, бірнеше эшалонмен Астрахан даласындағы Ахтуба арқылы «Капустин Яр» мемлекеттік әскери сынақ алаңына екі апта жүріп, от соққан аңызақ ыстықтың астында одақтың түкпір-түкпірінен келіп, мемлекеттік сынақтан өту мақсатында жанталасып, оқу-жаттығу өткізіп жатқан осы қарудың жауынгерлері нағыз соғыс жағдайындағыдай өмір кештік.

Жаппай қырып жою ядролық қаруды қолдану кезінде қолданылатын киімдер мен газдан қорғанатын тұмылдырықтың бірнеше түрін сынақтан өткіздік және оны өзіміз оқу жаттығу кезінде пайдаландық. Солардың ішінде есте қалғаны «ИП-46» газға қарсы тұмылдырық болды.

Бұл таза оттегін өзі өндіріп, белгілі уақытқа береді. Егер сен сол мерзімде өзіңе міндетті жұмысты немесе тапсырманы орындасаң тұншықпайсың. Қысқаша айтқанда, тірі қаласың, егер орындайтын уақытты созып алсаң, өліп кетесің.

Бұл Отанға ант берген әскердің қатал заңы болатын. Үш жыл бойы ұзындығы 4,8 метр, ені 2,5 метр, салмағы 1,2 тонналық «ядролық дене» көзді ашып-жұмғанша дүниені тас-талқан қылатын айбынды қаруды өзіме бекітілген арнаулы қондырғы орнатылған «МАЗ-502» жабық автомашинасымен тиісті жерлерге тасымалдап, ұзындығы 34 метр «денеге» монтаждап, іске қосу жүргізуші-монтажшы менің міндетіме тиіп, оқу-жаттығу, соғыс жағдайындағы сынақтарда «ИП 46» противогазымен жұмыс жасап, тапсырмаларды абыроймен орындап, қиын-қыстау кезеңде аман қалып жүргенімді бұл күндері еске алып «тәубе» деймін.

Бір ай оқу-жаттығудан кейін сонау Мәскеуден келген мемлекеттік комиссия алдында сынақ өткізіп, айбынды қаруды атып сынау менің міндетіме кіргесін бір ай бойы төккен тер, жанды жегідей жеген жауапкершілік, ұйқысыз түндердің нәтижесі отыз бес минутта «өте жақсы» орындалып, «денеге» лайықталып ату алаңына жіберілгені, арада жарты сағат өткенде ракета Солтүстік Мұзды мұхиттың «Жаңа жер» аралына жасалған полигондағы нысанаға дөп тиіп, бізді үлкен қуанышқа бөледі.

Осы еңбегім бағаланып, мені партия қатарына үміткер ретінде қабылдап, бөлім командирі ата-анама алғыс хат жолдап, елге он күн демалыс берген болатын. Сол жылдың тамыз айында елге келсем, өнер сүйер қауымды былай қойғанда, елдің аузына Шәмші Қалдаяқовтың «Ақмаңдайлым» әні шырқалуда екен.

Мен де әнді тез үйреніп, Сыр бойының төрт қауынымен коса Литва жеріне сол әнді ала кеттім. Туған жерден алыста жүрген қазақ жігіттері демалыс күні орманға жиналып, елден келген дәмнен ауыз тиіп, кешке дейін өленді жаттап, нақышына келтіріп, шамамыз келгенше айтып, мауқымызды басып жүрдік.

Көп кешікпей бұл ән гарнизоннан тысқары қазақ жігіттері әскери қызмет атқаратын Шауляй, Укмерге, Ионнава қалаларынан бөлек Балтық жағалауындағы жігіттерге де жетті. Біздің бұл әнімізден хабардар болған бөлім командирі, «Ракеташылар маршын» жазған сазгер, полковник А.Н.Горкин бізді жинап, баянмен сүйемелдетіп, айтқызды. Ішіміздегі әнші Шымкенттік Мұрат Ерметовке орындатып, бөлімнің «Әнби» ансамблінің репертуарына енгізіліп, басқа ұлттардың әндерінің қатарында шырқалып жүрді. Осылайша құдіретті Шәмшінің әні Каунас қаласындағы әскери бөлімдердің байқауында да айтылып жүрді.

Әлі есімде, сол жылдың күзінде соқырішек болып, Каунастағы әскери госпитальге түскенімде майдангер, әскери дәрігер, соғыстан соң елге оралмай сол жақта қызметте қалған қазақ дәрігер, майор, шымкенттік азамат (есімін ұмыттым) менен сол әнді жазып алып, айтылуын үйренген еді. Арада көп жыл өткенде, яғни бұл күндері Шәмшінің әндері мен ол кісі туралы хабарларды естігенімде жастық шағымның қызықты кезеңдері болған осы жайттар еріксіз еске түседі.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Бәрекелді!

Өткен аптада Қызылорда облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының бастамасымен, Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінің ұйымдастыруымен аудандық мәдениет үйінде Бозторғай XXVI облыстық балалар шығармашылығы байқауының аудандық іріктеу кезеңі өтті.

Жас өрендердің жұлдызы жанды

Болашақ жұлдыздарды бала күнінен өнерге баулып, үлкен сахнаға дайындайтын «Бозторғай» байқауы талай таланттың шығармашылығын шыңдап, жаңа есімдердің жарыққа шығуына жол ашып келеді. Бұл жолы байқауда өнерпаздар вокал, хореография, халықтық орындау мен ұлттық аспапта ойнау жанры бойынша өнер көрсетті.

60-тан аса талапкер қатысқан өнер додасында 24 жас өрен іріктелініп алынды. Жас ерекшеліктеріне қарай талапкерлер baby тобы, кіші, орта және үлкен топтарға бөлініп, сайыс көркін қыздырды.

Жас өрендерге облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының музыка және балалар бөлімінің меңгерушісі Бағдагүл Есмұрзаева мен облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының көркемдік жетекшісі Руслан Бурабай төрелік етті.

Вокал жанры бойынша байқауға тыңғылықты дайындалып келген 35 талапкер сахнада әсем әнді әуелетіп шырқады. Ал сахнаға екі конкурстық би дайындап келген мың бұралған бишілерден құралған 6 би тобы сахнаның сәнін келтіріп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Ұлттық аспапта ойнау жанры бойынша 8 балғын бүлдіршін өнерлерін ортаға салды. Одан әрі сайыс халықтық орындау жанры бойынша жалғасты.

Бұл байқауға алғаш рет қатысып тұрған ең жас қатысушылардың бірі – Мұрат Айсұлтан. «Өнерге әркімнің ақ бар таласы» демекші, кішкентай қатысушымыз бұл байқауға тыңғылықты дайындықпен келгенін айтып, облыстық кезеңге жолдама жеңіп алуды көздейтінін жеткізді. Ол ұлттық аспапта ойнау жанры бойынша сахнада халық күйі «Келіншекті» орындап, көрерменнің қошеметіне ие болды.

– Аудандық өнер мектебіне былтырдан бері барып, домбыра үйірмесіне қатысамын. Арманым, бұл байқауда жеңімпаз атанып, ұлттық аспаппен шетел сахнасында өнер көрсету. Қазіргі таңда 10-ға жуық күй білемін, – дейді Мұрат Айсұлтан.

Осылайша бірнеше сағатқа созылған байқау да өз мәресіне жетті. 60-қа жуық бүлдіршін өнер көрсеткен сайыс соңында облысқа жолдама алған сахна үздіктерінің есімдері аталды. Әділқазылардың шешімімен вокал жанры бойынша 9 қатысушы, аспапта ойнау жанры бойынша 8, жыр терме бойынша 2, хореография жанры бойынша 5 топ облыстық кезеңге жолдама алып, 6 сәуір күні облыста аудан намысын қорғайды.

А.БҮРКІТБАЙ

Маман мерейі

Сазды әуеннің саңлағы

Бүгінде аудан өмірін өнерге, музыка әлеміне арнаған талантты жастардан кенде емес. Олар мәдениет саласының дамуына сүбелі үлес қосып, жиған тәжірибесі мен білген-түйгенін жас буынға үйретіп, шәкірт тәрбиелеуде. Сондай өнерлі жастың бірі, саналы ғұмырын сахна төріне арнаған сазды әуеннің саңлағы Расул Байдулланың шығармашылығын бүгінгі мақаламызға арқау етпекпіз.

Бала күнінен ән салуды арманданған кейіпкеріміз түрлі өнер фестивалінде I дәрежелі лауреат атанған. Мәселен, республикалық «Ұлы дала ұрпақтарымыз» атты ән байқауынан бас жүлде, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша ұйымдастырылған халықаралық өнер фестивалінде де бас жүлде иеленген. Мұнан бөлек, Ресейдің Москва қаласында онлайн өткен Халықаралық «Ритм Вдохновения» эстрадалық ән салу жанры бойынша I дәрежелі лауреат, Америка Құрама штаттарының Техас штатында өткен «International multigenre competition – Festival» поп вокал жанры бойынша I дәрежелі лауреат атанған. Республикалық «Дала сазы» байқауынан бас жүлдені, «Бақытты елдің ұрпағы» атты Халықаралық байқаудан II орынды иеленсе, «Бақытты елдің ұрпағы» атты байқаудан I орынды иеленген.

Музыка әлемінде әуезді дыбысымен ерекшеленіп тұратын аспаптар көп. Солардың бірі – саксофон. Сиқырлы саксофонның тарихына тоқталсақ, бельгиялық шебер Адольф Сакс 1842 жылы жаңа үрмелі аспапты жасап, 1846 жылы авторлық құқығын алған. Үрмелі аспап шебердің құрметіне «Саксофон» деп аталды. Көптеген клапандары мен кларнетке тән мундштугы бар саксофонның альт, тенор, сопрано, баритон түрлері белгілі. Сакс оның түпнұсқасын Дефонтенель және басқа да кларнетті аспаптардан алған. Мыс, никель және мырыш, латунь немесе күміс қоспаларынан құйылғандықтан оның тембрі кларнет, гобой және виолончельдің қосылып шығарған үніндей жұмсақ естіледі.

8 сыныбынан бастап осы аспапқа қызыққан кейіпкеріміз Қазанғап атындағы музыкалық колледждегі ұстазынан 1 жыл бойы аспаптың қыр-сырын үйреніп, кейін аталған оқу орынның үрлемелі соқпалы аспаптар бөліміндегі саксофон аспабына оқуға түскен.

– Біз оқуға түскен жылы тобымызда 16 студент болды. Соның тек 5-еуі ғана оқуды аяқтап, қазіргі таңда саксофонды жанына серік етіп жүр. Аспапты меңгеру қиын болып көрінгенімен, әуенді жан-дүниесімен сезіне білетін, есту, түйсіну қабілеті жоғары, әуезді әнге ғашық жандар саксофонды тез-ақ үйреніп алады. Әнді бала күнімнен бері айтып, мектеп қабырғасында талай жетістікке қол жеткіздім. Сондықтан да оқуға түсер кезде ән айтудан бөлек осы аспапты меңгерейін деген оймен оқуға түскен болатынмын, – дейді Расул Байдулла.

Иә, саксофонның өзіне тән ерекшелігі бар. Оның ойнақы әуені тыңдарманын елітіп әкетеді. Сырлы сазды дыбысын естісеңіз, көңіліңіз көтеріліп, ерекше күйге бөленесіз.

Саксафоншы жігіттің шығармашылық қоржынын да қазақ әуендерінен бөлек, әлемдік танымал әуендер де бар. Сахнада саксофонды бірде сызылта үрлеп, бірде ойнақы әуенімен тыңдарманын елітіп әкететін ол бүгінге дейін осы салада 3 шәкірт тәрбиелеген. Шәкірттерінің үшеуі де ұстаз жолын жалғап, Қазанғап атындағы музыкалық колледжге оқуға түскен.

Қазіргі таңда Айдос Алмас есімді шәкірті Астанада әскери оркестрде қызмет етсе, Қосым Нұрдәулет аталған оқу орнында гобой аспабын бітіріп, сол салада жұмыс жасайды. Ал үшінші шәкірті Данияр Есқали денсаулығына байланысты кейін Болашақ университетіне ауысқан.

Саксофон тек әсем әуен шығарып қана қоймай, адам жанын жадыратып, керемет сезімге бөлейтін сиқырға ие. Сырлы саксофонның әуезді әндерімен көпшіліктің құлақ құрышын қандырып жүрген Расул қазіргі таңда аудандық «Руханият» орталығында мәдени ұйымдастырушы болып қызмет етеді.

Өткен аптада кейіпкеріміздің жетекшілігімен ауданда саксофон үйірмесі ашылды. Үйренем дейтін жастар үшін үйірменің есігі аптаның сәрсенбі және жұма күндері ашық. Осы аспаппен ән салып, ерекше тартымдылық қасиетімен елдің назарын өзіне аударып, бүгінде халықтың ыстық ықыласына бөленіп жүрген жас әншінің мақсаты биік. Ол жастардың өнерге деген құлшынысын оятып, шығармашылығын шыңдауда қажырлы еңбек ете беретінін жасырмады. Ал біз өнердің өрлеуіне тілектестік таныттық...

А.ЕРЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директордың міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 512

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ